

Н.Р. Мұқышева *

Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: arizan.kino@mail.ru)

«Тұлпардың ізі» фильмінің сценарийіндегі көркемдік детальдің рөлі

Мақалада 1964 жылы экранға шыққан «Тұлпардың ізі» фильмі (режиссері: Мәжит Бегалин) мен әдеби сценарийіндегі (авторы: Әкім Тарази) маңызды көркемдік детальдардың бірі — арқанның драматургиялық қызметі қарастырылған. Автор архив құжаттарына сүйене отырып, әдеби сценарийдің барлық нұсқасындағы («Жанарымда — Шолпан жұлдыз», «Жазира», «Тұлпар»), сондай-ақ режиссерлік сценарий мен фильмдегі арқанмен байланысты эпизодтарды сараптаған. Сонымен бірге, «Тұлпардың ізі» фильмінің режиссерлік сценарийіне қатысты «Қазақфильм» киностудиясының сценарий бөлімі мен көркемдік кеңесінде өткен талқылаулардан үзінділер келтірілген. Мақалада арқанның көркемдік деталь ретінде сценарий мен фильм оқиғасының өрбуіне, кейіпкерлер бейнесінің тереңірек ашылуына, олардың ішкі психологиялық күйін сезінуге тигізетін ықпалы дәлелденген. Сонымен қатар арқанның әдеби сценарий мен фильмде фабулалық, психологиялық, мазмұндық деталь ретіндегі драматургиялық қызметі айқындалған.

Кілт сөздер: фильм, әдеби сценарий, режиссерлік сценарий, көркемдік деталь, арқанның драматургиялық қызметі, кейіпкер бейнесі.

Kіріспе

«Тұлпардың ізі» (1964, сценарий авторы: Әкім Тарази, режиссері: Мәжит Бегалин) — қазақ киносының классикалық шығармаларының бірі. Қарапайым шопан отбасының өмірі туралы түсірілген бұл психологиялық драмадағы басты кейіпкерлердің бейнесін қазақ киносы мен театрының белгілі шеберлері Кәукен Кенжетәев, Хадиша Бөкеева, Фарида Шәріпова, Асанәлі Әшімовтер сомдайды. «Тұлпардың ізі» — кинематографиялық стилі, формасы, жанры, кейіпкерлерінің бейнесі ең алдымен әдеби сценарийінің негізінде дүниеге келген фильм. Жалпы сценарий авторы мен режиссердің ой-толғамдары, мүддесі, ниеті, идеясы үндестік тапқанда ғана талантты фильм дүниеге келері анық. Әлбетте бұл фильмді осындай шығармалардың қатарынан екенін айтуымыз керек.

Жалпы өнер мен әдебиеттің кез келген шығармасында көркемдік детальдың драматургиялық маңызы өте зор. Бұл қазақ киносы, оның ішінде «Тұлпардың ізі» фильмі мен сценарийіне де қатысты. Фильм мен әдеби сценарийінің барлық нұсқасының («Жанарымда — Шолпан жұлдыз», «Жазира», «Тұлпар») драматургиясында маңызды рөл атқаратын негізгі үш көркемдік деталь бар. Олар: Жазираның (фильмде — Жаухаздың) анасының фотосуреті, радиоқабылдағыш және арқан. Сценарий мен фильмнің композициялық құрылымында, фабуласында, мазмұнында, оқиғалардың дамуында, кейіпкерлер бейнесінің, идеясы мен тақырыбының ашылуында бұл детальдардың рөлі өте зор. Сценарийге әрбір өзгеріс енген сайын жоғарыда аталған көркемдік детальдардың, оның ішінде арқанның драматургиялық қызметіне мән берудің қажеттілігі туындайды. Мақаламызда әдеби сценарийдің барлық нұсқасы мен фильмдегі маңызды детальдардың бірі — арқанға тоқталуды жөн көрдік.

Зерттеу деректері

Әдебиеттану терминдері сөздігінде (құрастырушысы: С.П. Белокурова, 2005) былай делінген: «Көркемдік деталь — автордың ерекше назар аударатын көркем бейненің элементі, шығармада ол мазмұндық, эмоциялық тұрғыдан айтарлықтай қызмет атқарады» [1]. Ал 2006 жылы жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» жинағында (құрастырушылары: Зәки Ахметов, Тұрдықұл Шаңбай) көркемдік детальды «бөлшек», «бедер-белгі» деп қарастырады және оған былай деп анықтама береді: «Мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекелеген сипат-белгілері. К. д-дар қолдану егжей-тегжейлікке елігіп, майда-шүйдені жіпке тізгендей тере беру емес,

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: arizan.kino@mail.ru

ол әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының, әр түрлі нәрсенің ерекшелігін, сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады» делінген [2; 195].

Ал кинематография шығармаларындағы көркемдік детальдың маңызы қандай? Жекелеген бөлшектер, бедер-белгілер, яғни көркемдік детальдар фильм кейіпкері бейнесінің, тақырып пен идеясының ашуылуына, мазмұнына, т.б. ықпалы бар ма? Жалпы «деталь» сөзінің өзі француздың «detail» сөзінен шыққан, «егжей-тегжей», «ұсақ-түйек» деген мағынаны білдіреді. Детальсыз бірде бір фильмнің кадры кездеспейді. Әрбір кадр детальдарға толы. Алайда олардың арасындағы ең маңыздысын қалай анықтауға болады? Белгілі кинодраматург Л.Н. Нехорошев «Драматургия фильма» атты еңбегінде кинодағы деталь ұғымына былай деп анықтама береді: «Деталь — бұл фильм авторларының көрермен назарын ерекше аудартатын белгілі бір зат немесе заттың (адам денесінің) бір бөлігі (бөлшегі)» [3; 31]. Сондай-ақ, ол детальдың фабулалық, мазмұндық, психологиялық, метафоралық, символдық, аллегориялық, бүтінді жеке бөлшегі арқылы көрсету секілді бірнеше драматургиялық қызметін атайды [3; 32]. Сонымен бірге бір ғана детальдың кейде бірнеше драматургиялық қызметі болуы мүмкін дейді.

Ал белгілі режиссер, сценарист Александр Митта өзінің «Кино между адом и раем. Кино по Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Курасаве, Феллини, Хичкоку, Тарковскому» атты еңбегінде детальға қатысты «Энергия деталей» атты үлкен тарау арнайды. Осы тарауда ол кинодағы детальдың көптеген маңызды қырына назар аударады. А. Миттаның айтуынша: «Оқиғаның өрбуінде детальдардың өз орны болуы керек. Дұрысы, оларға актерлердің кәдуілгі әріптесі (партнері) деп қараған жөн. Детальдар өздігінен қозғалысқа түсіп, сөйлей алмайтын болғандықтан, олардың оқиға барысына ену (немесе араласу деуге де болады. — Н.М.) логикасын аса бақылаған жөн» [4; 31].

Олай болса, деталь — бұл жәй ғана ұсақ-түйек немесе белгілі бір зат, иә болмаса сол заттың бөлшегі ғана емес екенін көріп отырмыз. Егер деталь фильмнің композициялық құрылымында аса шеберлікпен қолданылса, онда ол тек тақырып пен идеяның ғана емес, кейіпкер бейнесінің ашылуына да тамаша қызмет етері сөзсіз. «Кейіпкердің мінезіндегі, кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылысындағы жекелеген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әр түрлі бояу-нақыштар — міне, осылардың қай-қайсысын да К. д. (көркемдік деталь — Н.М.) ретінде алып қарауға болады», — дейді сөздікте [2; 195]. Ал Александр Миттаның айтуынша: «деталь сөз әрекетін күшейте түседі...», «фильмдегі деталь — кейіпкердің іс-әрекетінің құралы», «фильм оқиғасының өрбуіне ықпалы зор», «көрерменнің оқиға барысына деген қызығушылығын тудыратын қасиеті бар» [4; 352–353]. Яғни, барлық автордың пікірінше — деталь шығарманың құрылымында өте маңызды рөл атқарады.

Осы орайда мақаламызда қазақ киносының классикалық шығармаларының бірі — «Тұлпардың ізі» фильміндегі маңызды көркемдік детальдардың, оның ішінде арқанның драматургиялық қызметін қарастырғанды жөн көрдік. Мақала тақырыбын зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің материалдарына жүгіндік.

Негізгі бөлім

Арқан — «Тұлпардың ізі» фильмінің де, әдеби сценарийінің де драматургиялық серіппесін ұстап тұрған өте маңызды әрі басты көркемдік деталь. Тұрар мен Танабай арасындағы арқанға қатысты оқиға — сценарийдегі, фильмдегі көркемдік тартыстың негізіне, кейіпкерлер ара-қатынасының шиеленісіне арқау болған, кейіпкерлердің болмысын айғақтайтын басты көрініс. Әрі сценарий мен фильм оқиғасының шиеленісіп барып, шарықтау шегіне, көркемдік шешіміне алып баратын негізгі эпизод. Себебі сол күнгі көріністен кейін өрбитін оқиғалар, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен қойшы отбасының ішкі атмосферасы арқанның қалай үзілгеніне, кімнің үзгеніне байланысты еді. Ең бастысы, арқанмен болған оқиға — арқыраған боранды күні айнала әппақ жапан түзде жанындағы серігін жалғыз қалдырып кеткен Тұрардың қорқау болмысы (тіпті сатқындық әрекеті) әшкереленетін және Жаухаздың үйден кетуіне себеп болған ең бір маңызды сәт. Алдымен үйге жалғыз оралған Тұрарға қатысты Жаухаздың білінер-білінбес күдігі, арқанды тауып алатын сәттегі қатты ашуланатыны, оның соңы Тұрардың қорқаулығына деген ашу-ызасы мен оған ашық қарсы тұруы (іскірт үстіндегі көрініс), сонан соң әрине мүлдем түңілуі, Тұрардан кетуі осы арқанмен тығыз байланысты.

«Қазақфильм» киностудиясының көркемдік кеңесінде немесе сценарлық бөлімінде әдеби және режиссерлік сценарийді талқылағанда ылғи да аса назар аударылғаны — арқанды кімнің үзгені болды. «Жанарымда — Шолпан жұлдыздан» бастап (түпнұсқада «Вижу Венеру» деп аталады), әдеби сценарийдің келесі екі нұсқасын («Жазира-2», «Тұлпар») талқылағанда да осы жағдай қайталанып отырды.

1963 жылдың 29 маусым күні (29.06.1963) «Қазақфильм» киностудиясының көркемдік кеңесінің мәжілісінде «Тұлпар» сценарийінің режиссерлік нұсқасының соңғы талқылануы өткен. Талқылау кезінде, әсіресе боран күнгі адасып қалған қойларды іздеп шыққан Тұрар мен Танабайдың арасындағы арқанның үзілу сәтіне басымырақ назар аударылған. Себебі осы көріністегі арқанды Танабайдың немесе Тұрардың үзгені әлде өзі үзілгені фильмнің драматургиясында, кейіпкерлердің болмысын ашуда қажетті өте маңызды сәт болатын.

Талқылау кезінде арқанды кейіпкерлердің қайсысының үзгені туралы әрқилы даулы пікірлер айтылады. Енді осы талқылаудағы арқанға байланысты айтылған төмендегі пікірлерге назар аударайық:

О. Бондаренко: Меніңше, Танабай мен Тұрардың белдеріне байланған арқанның созылып барып, үзілуі өте жақсы табылған көрініс. Басында осылай деп ойлағанмын. Бірақ мән беріп қарасақ, Тұрардың үзгені туралы күмән туып қалады. Сондықтан осы тұсты қайта қарап шықтық.

С. Қожықов: Екі кейіпкердің нақты біреуінің арқанды үзуі қылмыс па, жоқ па, ол жағы түсініксіз. Осы тұрғыдан алғанда эпизод аса анық емес. Танабай астындағы атының басын тартқанда, арқанның созыла түскенін, сонан соң оның үзілгенін мен қазір ғана түсініп отырмын. Сонда Танабай үзген болып шығады ғой. Мысалы, бір-біріне байланған екі ер адам келе жатыр делік. Бір кезде кішкентай баланың суға түсіп кеткенін көреді. Егер жаңағы байлаулы екеуінің бірі баланы құтқармақ болып, суға сүңгіп кетсе, онда міндетті түрде екеуінің біреуі арқанды үзуі керек. Сценарийдегі арқанның жағдайы да осыған ұқсас. Әрине дәл осы көрініс адами болмысы әртүрлі екі адамның нәзік психологиялық суреттемесі екенінде дау жоқ. Сондықтан, бұл жерде арқанды Танабайдың үзгені анық.

А. Хлынова: Егер арқанды міндетті түрде екеуінің біреуі үзуі керек болса, онда бұл әрекет Танабайдың емес, Тұрардың тарапынан болуы тиіс. Олай болмаған күнде, бұл драмалық оқиғаны енгізудің қандай қажеті бар?

Ш. Құсаинов: Ол (Танабай) арқанды үзді ме, әлде жоқ па, бұл жағы түсініксіз. Мүмкін, арқанның өзі үзілуі де ғажап емес.

Х. Абылғазин: Сіздер арқанды үзген Тұрар деп отырсыздар. Егер олай болса, онда ол қылмыскер және заң алдында жауап беруі тиіс. Бірақ Тұрар соншалықты оңбаған адам емес қой. Арқанды үзген — Танабай.

В. Пястолов: Онда Танабайды да жексұрын адам деп қабылдауымызға тура келеді.

Х. Абылғазин: Тек Тұрар арқанды үзе көрмесін. Онда бұл шатақ болады. Сондықтан идеяға қатысты мәселеге күмән тудырудың қажеті жоқ.

В. Пястолов: Арқанмен байланысты эпизодты әрқайсысымыз әртүрлі көріп отырмыз. Біреуі Танабай үзді дейді. Мейлі, солай болсын делік. Бірақ бұдан қандай нәтиже шығады? Онда Танабай жанындағы адамды тастап, қойды іздеп кеткен болып шығады ғой. Ал екінші жағдайда арқанды Тұрардың өзі үзуі мүмкін. Ол жоғалған қойды іздегісі келмей, Танабайды тастағысы келеді. Егер олай болса, онда Тұрар нағыз оңбаған адам болып шығады. Оның психологиясы — кәдуілгі саудагердің психологиясы. Сондықтан ол халықтың малын құтқарғысы келмейді. Өйткені оның ақыл-санасы «бәрі менікі» деген ұғымға ғана келіп тіреледі. Тағы бір жағдай — мүмкін арқанның өзі үзілген шығар? Олай болса, бұл тұста нақтылық қажет және екеуінің де бейнесін ашатын шарықтау шегі көрсетілуі тиіс. Егер арқанды үзген Тұрар болып шықса, онда бұл өте қорқынышты жағдай. Мысалы, әскерде командирлер сәйгүлікті құтқару үшін, адамдардың басын өлімге тіккен оқиғалар болған. Мүмкін, арқанмен байланысты көрініс осыған ұқсайтын шығар? Сондықтан арқанның үзілу сәтінің кейіпкерлердің мінез-құлқының ашылуына көмек беретіндей жолдарын қарастыруымыз керек» [5; 128–129, 133–135, 138, 142, 151, 165].

Біз жоғарыда сценарийдегі арқанға қатысты эпизод туралы әртүрлі көзқарасты мүмкіндігінше толығымен, өз қалпында беруге тырыстық. Талқылауда әрқилы пікір тудырған арқанның үзілу эпизоды алдымен «Жанарымда — Шолпан жұлдыз», сонан соң «Жазира-2» және ең соңғы «Тұлпар» атты нұсқаларында қалай суреттелетініне назар аударайық.

«Жанарымда — Шолпан жұлдыз» сценарийі:

«Атқа мінген екеу жүріп келеді. Қорбиған екі сұлба. Арқыраған әппақ әлемде. Аспан да, жер де көрінбейді. Қимылдары кәдімгі альпинистердікіндей. Бірінің соңынан бірі ілбіп, әрең келеді. Қорбиған екі сұлба. Алдында — Тұрар, соңында — Танабай.

Арқыраған әппақ әлем. Олар жүріп келеді. Әрең-әрең. Омбы қар. Терең. Жел.

— Әй! — деп айғайлады Тұрар. — Токта.

Қатарласты. Екеуі де тоқтады.

— О не, маңырай ма? — деп сұрады Танабай.

— Жоқ, — деді Тұрар. — Қайту керек. Бәрібір таппаймыз. Оларды енді қуып жете алмаймыз, мына аязда қырылып қалды немесе қасқыр жеп қойды.

Танабай ештеңе демеді. Тек Тұрарға жақтырмай қарады. Тағы да жүріп кетті. Алдында. Олар ұзақ жүрді. Арқыраған, ысқырған, шегі жоқ әппақ түтек құрдымда.

— Әй, тоқта деймін! — деді Тұрар.

Танабай жүрісін тоқтатпады.

— Әй, тоқта! — деп айқай салды Тұрар. — Кеш болмай тұрғанда, қайту керек.

Танабай тоқтамай жүре берді. Осы жерде әлдене болды. Ішігінің биік жағасына бетін тығып алып, еңкейіп келе жатқан Тұрар кенет тұра қалды. Алдына қарады. Танабай көрінбейді. Из-түзсіз жоғалған. Тұрар айналасына қарады. Танабай көрінбейді. Осылай біраз тұрды. Ұзақ тұрды. Сонан соң, тамағы қарлығып, неге екені белгісіз, ақырын айғайлағандай болды.

— Танабай!

— Танабай!

Жауап болмады. Ол тағы да біраз тұрды. Сонан соң атының басын кері бұрып, кете барды. Камера сол орнында қалып қойды. Бейнебір таңғалғандай. Арқыраған әппақ әлемде Тұрардың қорбиған сұлбасы да көрінбейді. Камера айналасына «қарады». Аспан да, жер де, адам да көрінбейді. Айнала әппақ түтек құрдым еңірейді, жылайды, ашуланады, қарқылдайды» [6; 29–30].

Сонымен, сценарийдегі арқанның үзілу эпизоды драматургиялық, тіпті кинематографиялық бейнелеу қатары тұрғысынан өте нақты әрі анық құрылғанын көріп отырмыз. Эпизод «аспан да, жер де көрінбейтін», «арқыраған» ақ боранда кетіп бара жатқан ат үстіндегі екі адамның қорбиған сұлбасымен басталады. Сонан соң, алдында — Тұрар, соңында — Танабай екенін жақынырақ көреміз. Эпизодтың экспозициясы қызметін атқарып тұрған осы көріністердегі әрбір іс-әрекет пен қимыл-қозғалыстың өзі көз алдыңыздан бірінен кейін бірі өтіп жатқан нақты кинематографиялық пландардың тізбегімен берілетініне назар аудару қажет. Сценарий авторы режиссер үшін тіпті, әрбір кадрдың дыбысына, бейнелеу қатарының пластикасына, ырғағына, мизансценаға, актерлердің сыртқы қимыл-әрекетіне дейін нақты ұсынады.

Тұрар Танабайды алғаш тоқтатып, сөйлескеннен соң, екеуінің орны ауысады. Енді алдында — Танабай, соңында — Тұрар кетіп барады. Оқиғаның әрі қарайғы өрбуінде олардың қайсысы алда, қайсысы артта келе жатқаны өте маңызды. Драматургиялық тартыс Тұрардың алға қарай жүруден бас тартып, бір орында тапжылмай тұрып қалуымен, ал алда кетіп бара жатқан Танабайдың жүрісін жалғастыра беруімен басталады. Эпизодтың шарықтау шегі — Тұрардың қолдарымен түсініксіз бір қимылдар жасауы. Ал оқиғаның түйіні — Тұрардың аттың басын кері бұруы. Эпизод бір орында қалып, әлдекімді іздегендей, жан-жағына «үңіле қараған» кинокамерамен аяқталады. Камера қанша «үңілсе де», «аспан да, адам да көрінбейді».

Автор эпизодтың соңында «Камера сол орында қалып қойды» деп жазады. Кинокамера мұнда бейнебір жанды кейіпкер іспетті. «Көз алдында» өткен бүкіл оқиға мен Тұрардың іс-әрекетінің жалғыз «куәгері» де, «бақылаушысы» да — сол камера. Сондықтан ол айналасына «таңырқай қарайды». Эпизодтың соңында «айнала әппақ түпсіз шыңырау еңірейді, жылайды, ашуланады, қарқылдайды» дейді. Қазір ғана бүкіл оқиғаның «жалғыз куәсі» — камераның алдында Тұрар қылмысқа барды, дала заңы бұзылды. Табиғаттың өзі осыған бейнебір қарсылық білдіргендей, «еңірейді», «жылайды», «ашуланады», «қарқылдайды». Бұл «қарсылықтың» да жалғыз «куәсі» — айналасына «таңырқай қараған» камера.

Эпизодта боранның атқаратын қызметі өте маңызды. Ең алдымен ол — кейіпкерлердің физикалық кеңістігі, екіншіден — тартыстың негізі (бораннан қаймыққан Тұрар жоғалған қойды әрі қарай іздегісі келмейді, ал Танабай онымен келіспейді), үшіншіден — камерамен бірге бір уақытта Тұрардың іс-әрекетінің «куәсі» болды. Сондықтан да ол «еңірейді», «жылайды», «ашуланады», «қарқылдайды».

Сонымен, арқыраған боран. Айнала ештеңе көрінбейді. Екі кейіпкердің бірі кері қайтқысы келеді, екіншісі жүрісті тоқтатпай, жоғалған қойды тапқысы келеді. Олардың арасын жалғап тұрған арқан бар. Арқан эпизодтың, жалпы сценарийдің драматургиялық тартысын анықтайтын өте маңызды детальге айналады. Және арқанды Тұрар мен Танабайдың қайсысының үзгені — сценарийдің, болашақ фильмнің драматургиялық барысын және кейіпкерлердің бейнесін анықтайтын өте маңызды сәт.

Сценарийдің «Жазира» нұсқасында бұл эпизод өзгертілмей, сол күйінде қалады. «Тек Тұрарға «жақтырмай қарады» деген жеріндегі «жақтырмай» сөзі алынып тасталады. «Жанарымда — Шолпан жұлдызда» Тұрар «Әй, тоқта деймін» деп екі рет айғайлайды, Танабай жүрісін тоқтатпай алға қарай жүре береді. «Жазира» сценарийінде алдыңғы нұсқадағы Тұрардың осы екінші рет айғайлауы мен атының басын кері бұрып, кете баратын тұсының арасына мынандай өзгеріс енеді:

«...Тұрар атын тоқтатты да, ызалана айғай салды:

– Ақымақ, тоқта деймін! Қайт!

Танабай тоқтамай жүре берді.

– Қайт деймін саған! Енді үміт жоқ, білем ғой. Таба алмаймыз. Өзіміз адасып кетеміз. Қайт!

Осы жерде әлдене болды. Тұрар кері қайту керек екенін дәлелдеп тұрғанда, Танабайды көз алдынан жоғалтып алды. Әппақ түтек құрдым оны жұтып қойды.

Тұрар абыржыған күйі біраз тұрды. Ұзақ тұрды. Сонан соң қарлыққан даусымен, неге екені белгісіз ақырын айғайлады:

– Танабай!

Жауап жоқ.

– Танабай!

Жауап жоқ...» (әрі қарай «Жанарымда — Шолпан жұлдыз» сценарийін сөзбе сөз қайталайды) [7; 34].

Көріп отырғанымыздай, диалогтарға аздаған өзгеріс енгенімен, эпизод тұтасымен кейіпкерлердің іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, мазмұны, интонация тұрғысынан сол күйі сақталып қалады. «Жазира» сценарийіндегі бұл эпизод кейін өндіріске жіберілген «Тұлпар» атты нұсқасында да өзгертілмейді. Әдеби сценарийде, фильмде өте маңызды орын алатын арқанның үзілетін эпизоды режиссерлік сценарийде де өзгермейді. Тек екі кейіпкердің арасын жалғап тұрған арқанды былай деп анық суреттейді:

«...*Орта план.* — Әй, тоқта деймін! — айғайлады Тұрар. Танабай жүрісін жалғастыра берді.

– Әй, тоқта деймін! — айғай салды Тұрар.

– Кеш болмай тұрғанда, қайту керек...

Екеуінің арасында бос жатқан арқан созыла бастады.

Ірі план. — Әй, тоқта деймін, жындымысың!.. Қайт кері! — деп айғайлады Тұрар, созыла бастаған арқанды өзіне тартып, артқа қарай шалқая түсті.

Орта план. Ішек секілді созылған арқан.

Ірі план. Танабай жүріп барады, алға қарай еңкейіп алған.

Орта план. Арқан сәл болмағанда Тұрарды аттың үстінен аударып түсіре жаздады.

– Қайт деймін саған! — деп айғайлады Тұрар.

Ірі план. Көзін зорлана қысып, қолдарымен түсініксіз бір қимылдар жасады. Дәл осы сәтте ол өзін сондай еркін сезініп, көздерін айқара ашты. Көз алдында — әппақ тұман. Танабай көрінбейді...» [8; 44-45].

Режиссерлік сценарийде де әдеби сценарийдегідей Тұрар екінші, үшінші рет айғайлағанда, Танабай тоқтамай, жүрісін жалғастыра береді. Осы тұста араларындағы арқан созыла бастайды. Себебі соңында келе жатқан Тұрар бір орында тұрып қалады. Осы сәтте Танабайды тоқтатпақ болып, тағы да айғайлағанда, созыла түскен арқанды өзіне тартып, артқа қарай шалқаяды. Танабай алға қарай жүрген сайын, арқан да тартыла түседі, Тұрар аттан төңкеріліп түсіп қала жаздайды. Тағы да айғайлайды. Әдеби сценарийде көрсетілгендей, Тұрар қолдарымен белгісіз бір қимылдар жасайды. Осы кезде ол өзін еркін сезініп, арқа-басы кеңіп сала берді. Ендігі жерде арқанды нақты Тұрардың үзгеніне күмән қалмайды.

Әдеби және режиссерлік сценарийдегі арқанмен байланысты осы эпизод қазақ және орыс тілдеріндегі «Тұлпардың ізі» мен «Следы уходят за горизонт» фильмдерінде қалай көрсетіледі, енді соған назар аударайық («Тұлпардың ізі» және «Следы уходят за горизонт» фильмдерінің монтаждық қағазынан):

«*Жалты план.* Боран. Ат үстінде келе жатқан Тұрар мен жас Танабай.

Жалпы план. Боран. Ат үстінде келе жатқан Тұрар мен жас Танабай.

Орта план. Боран. Ат үстінде келе жатқан Тұрар мен жас Танабай.

Ірі план. Тұрар /айғайлайды/: — Танабай, тоқта! Қасқыр, нетіп... (орыс тіліндегі нұсқасында: — Танабай, подожди! Волк, там это!..)

Ірі план. Танабай: — О не, маңырай ма?! (орыс тіліндегі нұсқасында: — Что? Слышно что-нибудь?)

Ірі план. Тұрар /айғайлайды/:...Мұздап, қайтайық! (орыс тіліндегі нұсқасында: — Замерзнем! Вернемся!)

Орта план. Жас Танабай Тұрардың сөздеріне назар аудармай, жүрісін жалғастыра береді.

Жалпы план. Боран. Екі салт атты кетіп барады.

Жалпы план. Бөлмеде қарт Танабай, Алтынай отыр. Жаухаз шырақты алып кіреді, терезенің алдына жақындайды.

Алтынай: — Алла-ай!

Орта план. Жаухаз шырақты терезенің алдына қояды.

Жалпы план. Боран. Екі салт атты.

Орта план. Жаухаз терезенің алдында отыр.

Ірі план. Жаухаз әйнекке қолын қояды. Саусақтарының ізі қалады.

Жалпы план. Боран. Екі салт атты.

Жалпы план. Боран. Екі салт атты кетіп барады. Біреуі аттың үстінен құлай жаздайды.

Жалпы план. Екі салт атты. Тұрар. Артта қалыңқырап, айғайлайды.

Тұрар: — Токта! Токта енді! (орыс тіліндегі нұсқасында: — Стой! Стой, говорю!)

Орта план. Боран. Ат үстіндегі жас Танабай артына қарайды да, әрі қарай жүріп кетеді.

Тұрар /дауыс кадр сыртынан естіледі/: — Ой, ақымақ, нетіп!.. (орыс тіліндегі нұсқасында: — Эй, остановись! Там это!..).

Жалпы план. Боран. Екі салт атты кетіп барады. Тұрар. Үйге қайтқысы келеді.

Тұрар /айғайлайды/: — Ой, аузыңды нетіп!.. (орыс тіліндегі нұсқасында: — Стой! Ты что! Дурак, что ли! Стой!).

Тұрар /айғайлайды/: — Ай, тоқта деймін, жындымысың нетіп! Токта! (орыс тіліндегі нұсқасында: — Стой! Ты что, с ума сошел! Стой!).

Ірі план. Жылқының аяқтары.

Орта план. Жас Танабай кадрдан көрінбей кетеді.

Ірі план. Тұрар арқанды ұстап тұрып, тартады.

Ірі план. Жылқының аяқтары.

Ірі план. Тұрар арқанды шешеді.

Ірі план. Жылқының аяқтары.

Ірі план. Жас Танабай жүрісін тоқтатпайды.

Ірі план. Тұрар пимасынан пышақ суырып алады.

Ірі план. Созылған арқан.

Ірі план. Тұрар арқанды кеседі.

Тұрар /айғайлайды/: — Танабай, Танабай!» [9; 20–22].

Әдеби, режиссерлік сценарийлерде және фильмнің казак, орыс тілдеріндегі нұсқаларындағы арқанның үзілу эпизодына қандай өзгерістер енді, енді соған назар аударайық. Әдеби сценарийдің барлық нұсқаларында және режиссерлік сценарийде арқанның үзілетін сәті туралы: «Ол (Тұрар. — Н.М.) қолымен түсініксіз бір қимылдар жасады...», — деп жазылады. Ал фильмде пимасынан пышақты алып, арқанды үзгені анық көрсетіледі. Екінші енген өзгеріс — эпизод көріністері үйдің ішіндегі көріністермен (жоқ іздеушілерді күтіп отырған қарт Танабай, Алтынай, Жаухаз; Жаухаздың шырақпен терезенің алдына келуі, қолын әйнектің бетіне қоюы, ондағы қалған саусақтарының іздері) алма-кезек ауысып отырады. Үй ішіндегі көріністердің әдеби және режиссерлік сценарийлерде арқанмен байланысты эпизодтан кейін берілгенін білеміз. Алайда олардың фильмде арқан үзілетін кездегі көріністермен алма-кезек беріліп отыруы, керісінше эпизодтың драматургиялық тартысын, оқиғаның ширығуын күшейте түседі, көріністердің ішкі және сыртқы ритмін қалыптастырады. Жаухаздың шырақпен терезенің алдына келуі, әйнектің бетіндегі қолдың іздері т.б. боранды даладағы арқанмен байланысты драмалық сәттерге және эпизодтың көркемдік шешіміне өзгеше бояу береді. Сондай-ақ, фильмдегі эпизодтың эмоциялық әсері дыбыстық қатар (уілдеген жел, арқыраған боран) және музыканың көмегімен еселене түседі. Үрей мен үмітке толы үйде күтіп отырғандардың, әсіресе

Жазираның ішкі күйін сездіретін де осы дыбыстық қатар мен музыка. Мұнда табиғаттың өзі де жанды кейіпкерге, тіпті басты кейіпкерге айналады. Тіпті арқан үзілген сәтте Тұрардың астындағы аты да кісінеп сала береді. Осының барлығы арқанның үзілуіне бейнебір айнала түгел қарсылық білдіргендей оқылады.

Зерттеу нәтижелері

Сонымен мақаламызда қарастырылған арқан — 1964 жылы экранға шыққан «Тұлпардың ізі» фильмі мен оның әдеби, режиссерлік сценарийлеріндегі маңызды көркемдік детальдардың бірі. Арқан белгілі жазушы, драматург, кинодраматург Әкім Таразидің «Жанарымда — Шолпан жұлдыз» («Вижу Венеру»), «Жазира-2» («Жазира») сценарийлері және олардың өндіріске жіберілген соңғы нұсқасы — «Тұлпарда», сондай-ақ фильмнің драматургиясында өте маңызды рөл атқарады. Арқан көркемдік деталь ретінде сценарий мен фильм оқиғасының өрбуіне, кейіпкерлер бейнесінің тереңірек ашылуына, олардың ішкі психологиялық күйін сезінуге тигізетін ықпалы өте зор. Олай болса, әдеби сценарийде де, фильмде де арқан фабулалық, психологиялық және мазмұндық деталь ретінде драматургиялық қызмет атқарады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Словарь литературоведческих терминов / Сост. С.П. Белокурова, 2005. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://slovar.cc/lit/term/2145112.html>.
- 2 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай. — Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. — 398 б.
- 3 Нехорошев Л.Н. Драматургия фильма / Л.Н. Нехорошев. — М.: ВГИК, 2009. — 344 с.
- 4 Митта А. Кино между адом и раем. Кино по Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Курасаве, Феллини, Хичкоку, Тарковскому / А. Митта. — М.: Подкова, 1999. — 480 с.
- 5 Стенограммы заседаний Художественного совета киностудии, 1962–1963 гг. Т. III // Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1708. — Оп. 2. — Д. 1261.
- 6 Сценарий художественного кинофильма «Следы уходят за горизонт» (второй вариант) // Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1708. — Оп. 2. — Д. 1223.
- 7 Сценарий художественного кинофильма «Следы уходят за горизонт» (третий вариант) // Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1708. — Оп. 2. — Д. 1224.
- 8 Режиссерский сценарий художественного кинофильма «Следы уходят за горизонт» («Тулпар») // Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1708. — Оп. 2. — Д. 1390.
- 9 Монтажный лист художественного кинофильма «Следы уходят за горизонт» // Центральный государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 1708. — Оп. 2. — Д. 1625.

Н.Р. Мукушева

Роль художественной детали в сценарии фильма «Следы уходят за горизонт»

В статье на материале литературного сценария и фильма «Следы уходят за горизонт» (1964, автор сценария Аким Тарази; режиссер Мажит Бегалин) подробно рассмотрено драматургическое значение такой художественной детали, как аркан. По мнению автора, аркан является одной из важных художественных деталей в литературном сценарии и фильме. Опираясь на архивные материалы, он исследует эпизоды, связанные с арканом, во всех вариантах литературного сценария («Вижу Венеру», «Жазира», «Тулпар»), а также в режиссерском сценарии и фильме. Приведены отрывки из обсуждений режиссерского варианта сценария фильма «Следы уходят за горизонт» в Сценарном отделе и Художественном совете киностудии «Казахфильм». В статье доказано, что аркан, как важная художественная деталь, влияет на развитие сюжетной линии сценария и фильма, помогает раскрыть образы героев, передать их внутренние ощущения. В итоге автор выявляет такие драматургические функции аркана, как фабульная, психологическая и смыслообразующая.

Ключевые слова: фильм, литературный сценарий, режиссерский сценарий, художественная деталь, драматургическое значение аркана, образ героя.

N.R. Mukusheva

The role of an artistic detail in the script of the film «Traces go beyond the horizon»

The article considers the dramatic activity of the rope one of the most important artistic details of the film «Traces go beyond the horizon» (director: Mazhit Begalin) and the literary script (author: Akim Tarazi) released in 1964. Based on archival documents the author analyzed the episodes related to the rope in all versions of the literary script («I see the venus star», «Zhazira», «Tulpar»), as well as the director's script and film. In addition, excerpts from discussions of film «Traces go beyond the horizon» held at the script department of the Kazakhfilm film studio are presented in this article. The article proves the influence of a rope as an artistic detail on the development of the story of the script and the film, a deeper disclosure of the image of the characters a sense of their inner psychological state. At the same time, the dramatic function of a rope as a plot, psychological and content detail in the literary script and film is determined.

Keywords: film, literary script, director's script, artistic detail, the rope's dramatic activity, character of hero.

References

- 1 Belokurova, S.P. (Eds.). (2005). *Slovar literaturovedcheskikh terminov [Dictionary of literary terms]*. Retrieved from <https://slovar.cc/lit/term/2145112.html> [in Russian].
- 2 Akhmetov, Z., Shanbai, T. (Eds.) (2006). *Adebiettanu. Terimder sozdigi [Literary studies. Dictionary of terms]*. Semei-Novosibirsk: Taler-Press [in Kazakh].
- 3 Nekhoroshev, L.N. (2009). *Dramaturhiia filma [Dramaturgy of film]*. Moscow: VGIK [in Russian].
- 4 Mitta, A. (1999). Kino mezhdu adom i raem. Kino po Eizenshteinu, Chekhovu, Shekspiru, Kurosava, Fellini, Hichkoku, Tarkovskomu [Cinema between hell and heaven. Cinema by Eisenstein, Chekhov, Shakespeare, Kurosava, Fellini, Hitchcock, Tarkovsky]. Moscow: Podkova [in Russian].
- 5 Stenohrammy zasedanii Khudozhestvennoho soveta kinostudii, 1962–1963 hh., Tom III. [Transcripts of meetings of the Art Council of the Film Studio (1962–1963) Vol. III.]. *Tsentralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]*. F. 1708, I. 2, C. 1261 [in Russian].
- 6 Stenarii khudozhestvennoho kinofilma «Sledy ukhodiat za horizont» (vtoroi variant) [The script of the feature film «Traces go beyond the horizon» (the second version)]. *Tsentralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]*. F. 1708, I. 2, C. 1223 [in Russian].
- 7 Stenarii khudozhestvennoho kinofilma «Sledy ukhodiat za horizont» (tretii variant) [The script of the feature film «Traces go beyond the horizon» (the third version)]. *Tsentralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]*. F. 1708, I. 2, C. 1224 [in Russian].
- 8 Rezhisserskii stenarii khudozhestvennoho kinofilma «Sledy ukhodiat za horizont» («Tulpar») [The director's script of the feature film «Traces go beyond the horizon» («Tulpar»)]. *Tsentralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]*. F. 1708, I. 2, C. 1390 [in Russian].
- 9 Montazhnyi list khudozhestvennoho kinofilma «Sledy uhodiat za horizont» [Editing sheet of the feature film «Traces go beyond the horizon»]. *Tsentralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazkahstan. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]*. F. 1708, I. 2, C. 1625 [in Russian].